

Пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметі

Пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметі (бұдан әрі – Қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК-нің (бұдан әрі – Орталық) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және ұсынылатын медициналық көмектің сапасын басқару, медициналық ұйымда сапа менеджменті мен стандарттауды ұйымдастыру, медициналық ұйымда ішкі сараптаманы, оның ішінде клиникалық аудитті ұйымдастыру және жүргізу үшін құрылған. Қызмет өз жұмысын ҚР Конституциясына, Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) Заңдарына, ҚР Президентінің Жарлықтарына, ҚР Үкіметінің қаулыларына, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары мен өкімдеріне, сондай-ақ Орталықтың бас директорының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады. Қызмет мониторингінің объектілері Орталықта іске асырылатын медициналық көрсетілетін қызметтер нәтижелерінің көлемі мен сапасы болып табылады.

Қызметтің құрамы:

Басшы - Булекова Гульнар Асеновна

Сарапшы дәрігерлер -

Аргандыков Тимур Сергеевич

Каменская Анастасия Николаевна

Куржакбаев Данияр Бақытжанұлы

Қызмет жұмысының мақсаттары – медициналық қызметтерді көрсету сапасын, пациенттердің қауіпсіздігін арттыру және тәуекелдерді барынша төмендету.

Қызметтің міндеттері:

- Орталықта диагностика, емдеу және әлеуметтік-оңалту қызметінің сапасын жақсарту жөніндегі бағдарламалардың тиімділігін әзірлеу, енгізу және бағалау;
- денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан Орталықта жүзеге асырылатын процестерді бағалау;
- Орталықты ұлттық және/немесе халықаралық аккредиттеу рәсіміне дайындауға қатысу;
- медициналық құжаттаманың ұлттық және/немесе халықаралық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне ішкі сараптама жүргізу;
- қызметті талдау нәтижелері бойынша жұмыстағы ақаулардың алдын алуға және жоюға бағытталған және диагностика мен емдеудің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу;
- Орталық пациенттерінің қажетті көлемде уақтылы сапалы психиатриялық көмек алу құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- сапасыз көрсетілген медициналық көмекке азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қарау бойынша жұмысты үйлестіру;

- сапа менеджменті жүйесінің процестері бойынша Орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне консультациялық және әдіснамалық көмекті жүзеге асыру;
- ішкі бақылау және қауіптерді басқару жүйесінің қызметін үйлестіру;
- нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштерін жинау, өңдеу және талдау;
- пациенттердің деректерін медициналық ақпараттық жүйелерге енгізудің дұрыстығын бақылау;
- медициналық көмектің қолжетімділігі мен уақтылығы, медициналық көмек көрсету стандарттарын, медициналық көмек көрсету қағидаларын сақтау бойынша ұсынымдарды орындау бөлігінде сыртқы сараптама қорытындылары бойынша жұмыс;
- медициналық оқыс оқиғаның басталу фактілері мен сақтандыру жағдайларын есепке алу және ағымдағы талдау, олардың нәтижелері медициналық оқыс оқиғаның басталу фактілері мен сақтандыру жағдайларын есепке алудың бірыңғай тізіліміне енгізіледі;
- медициналық көмек көрсету стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес осы медициналық ұйымда бекітілген ішкі индикаторларды зерделеу;
- пациенттердің медициналық қызметтердің (көмектің) деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау және сауалнама жүргізу арқылы халық пен пациенттердің қажеттіліктерін айқындау;

ҚҰРМЕТТІ ПАЦИЕНТТЕР, ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ МЕН ТУЫСТАРЫ!

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету және көрсетілген медициналық қызметтерге қанағаттану, Орталық қызметкерлерінің әдеп пен деонтологияны сақтау мәселелері бойынша, пациенттердің құқықтарын қорғау мақсатында Сіз:

1. Қабылдау бөлмесіне қоңырау шала аласыз: +7 (727) 272-48-32 (129 ішкі нөмірімен байланысу), +7 (727) 261-11-81.
2. info@mentalcenter.kz электрондық поштасына жаза аласыз.
3. Орталықтың бөлімшелерінде өтініш берушінің аты-жөні, тегі және байланыс деректері (телефоны, мекенжайы) және қызықтыратын мәселенің толық сипаттамасы көрсетілген «Өтініштер мен ұсыныстар жәшігіне» жазбаша өтініш қоя аласыз.
4. Бас ғимаратта орналасқан азаматтарды қабылдау кабинетіне қабылдауға келе аласыз, 1-қабат, 1106 каб.